

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ АУЫЛДЫҚ ТУРИЗМІНІҢ
ӘЛЕУЕТТІ РЕСУРСТАРЫ**

**POTENTIAL RURAL TOURISM RESOURCES OF THE MANGISTAU REGION
OF KAZAKHSTAN**

**ПОТЕНЦИАЛЬНЫЕ РЕСУРСЫ СЕЛЬСКОГО ТУРИЗМА
МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ КАЗАХСТАНА**

А.А. ӘМІРБАЕВА^{1*}

Ph.D докторанты

С.К. РЫСКУЛОВ²

э.ғ.к., доцент

К.А. АХМЕТОВА³

э.ғ.к., доцент

¹ «Тұран-Астана» университеті, Астана, Қазақстан

² М. Рысқұлбеков атындағы Қырғыз экономикалық университеті, Бішкек, Қырғызстан

³ Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің қашықтықтан оқыту орталығының
Астаналық кеңсесі, Астана, Қазақстан

*автордың электрондық поштасы: sun-is-shine@mail.ru

А. AMIRBAYEVA^{1*}

Ph.D student

S. RYSKULOV²

C.E.Sc., Associate Professor

К. АКХМЕТОВА³

C.E.Sc., Associate Professor

¹ «Turan-Astana» University, Astana, Kazakhstan

² M. Ryskulbekov Kyrgyz Economic University, Bishkek, Kyrgyzstan

³ Astana representative office of the distance learning center of the Karaganda University of
Kazpotrebsoyuz, Astana, Kazakhstan

*corresponding author e-mail: sun-is-shine@mail.ru

А.А. ӘМІРБАЕВА^{1*}

докторант Ph.D

С.К. РЫСКУЛОВ²

к.э.н., доцент

К.А. АХМЕТОВА³

к.э.н., доцент

¹ Университет «Туран-Астана», Астана, Казахстан

² Кыргызский экономический университет им. М. Рыскулбекова, Бишкек, Кыргызстан

³ Астанинское представительство центра дистанционного обучения Карагандинского
университета Казпотребсоюза, Астана, Казахстан

*электронная почта автора: sun-is-shine@mail.ru


Аңдатпа. Маңғыстау облысында агротуризмді дамыту табиғи және мәдени мұраны сақтауда маңызды мәнге ие бола отырып, экономикалық және әлеуметтік-мәдени бағыттарда жүзеге асырылады. *Мақсаты* – авторлар аймақтағы ауыл туризмінің қазіргі жағдайы мен болашағын қарастырады. *Әдістері* – зерттеудің ақпараттық базасын Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросының статистикалық деректері, отандық мерзімді баспасөзден және халықаралық әдебиет көздерінен алынған ақпарат құрайды. *Нәтижелері* – Джозеф Пайн мен Джеймс Гилмордың «4Е» моделі негізінде өңірдің ауылдық жерлеріндегі қолда бар туризм ресурстарына талдау жүргізілген, ауылдағы және қаладағы демографиялық жағдайды салыстыру, туристік қызметтің маусымдылығы айқындалды, туристік индустрияның ресурстары талданған,

миялық туризм, шытырман оқиғалы туризм және аңшылық туризмі сияқты әртүрлі қызмет түрлерін қамтиды (1 сурет).

Ал, агротуризм болса, жұмыс істеп тұрған фермаға және оның шаруашылығымен байланысты көрікті жерлеріне негізделген. Агротуризм фермада туристердің болуын қамтиды. Бұл туризмнің туристік қызметтері ауыл шаруашылық ортаға, өнімдеріне және жерлерге тікелей байланысты.

Ауыл туризмнің көрікті жерлері үш критерий бойынша жіктеледі: мәдени, табиғи және тарихи [7-8]. Мәдени белгіге

ауыл шаруашылықтың әдет-ғұрыптары, тамақ өнімдері, жергілікті білім, қолөнер, салт-дәстүрлер, тілдер, музыка мен билер, спорт, тамақ дайындау әдістері кіреді. Табиғи белгі ауылдық ландшафтты, қоршаған ортаны, кең ашық кеңістіктерді, аңшылық пен балық аулауды, табиғаттағы қызмет, джунглиде серуендеу, экотуризм, ауылдағы шытырман оқиғаны, сафари, альпинизм және атпен жүруді қамтиды. Ауыл туризмінің тарихи ерекшеліктеріне фольклор, ауылдық тарихи орындар, сәулет, тарих, мұралар жатады [9-10].



Ескерту: зерттеу негізінде авторлармен құрастырылған
1 сурет. Ауыл туризмі қызметінің түрлері

Ауыл туризмінің келесі белгілері дәстүрлі "күн және жағажай" туризміне қарағанда аз маусымдық ауытқулар болып табылады. Туризм индустриясының басқа түрлерімен салыстырғанда ауыл туризмнің маусымы ұзағырақ. Осындай сипаттаманы пайдалана отырып, егер осы саланың бәсекеге қабілеттілігін арттыратын болсақ, онда бұл жоғары бағаларды белгілеуге мүмкіндік береді және бұл қызметті неғұрлым табысты етеді [қараңыз 1].

2023 жылдың басына сәйкес Маңғыстау облысы халқының саны 766 956 адамды құрады [11]. Соңғы 5 жылда қала және ауылдық жерлерде халық саны өсуде, дегенмен ауылдық жерлердегі көші-қон сальдосы соңғы 3 жылда теріс көрсеткіштерге ие болды (1 кесте). Қалалардағы көші-қон

сальдосы 2018-2019 жылдарда теріс болды, дегенмен соңғы 3 жылда оң нәтиже көрсетті. Көші-қон сальдосы немесе көші-қон өсімі (таза миграция) халықтың аумақтық қозғалысының нәтижесін көрсетеді.

Ол келу мен кетудің абсолютті көрсеткіштерінің айырмашылығы ретінде анықталады. Бұл ауылдық жерлерде халықтың көші-қон ағынының бар екенін, яғни тұрғындар ауылдық өңірлерден қала пайдасына кететіндігін білдіреді. 2020 жылдан бастап ауыл тұрғындарының үлес салмағының төмендеуі өмір сүру деңгейіне қанағаттанбаушылықты көрсетеді. Яғни, халықтың ауылдық жерлерден қалаға көшуі ауылдық жерде жұмыс орнының тапшылығы және табыстың төмен болу салдарынан дейді авторлар [12].

1 кесте – 2018-2022жж. Маңғыстау облысында халық санының өзгеруі


Маңғыстау облысы	Ауылдық аймақ		Қала	
	халық саны	көші-қон сальдосы	халық саны	көші-қон сальдосы
2018	391 074	6 611	269 243	-5 554
2019	407 145	4 285	271 054	-1 122
2020	422 148	-1 045	276 648	4 306
2021	431 858	-1 254	287 713	3 682
2022	442 278	-64	298 745	1 580

Ескерту: авторлармен [қараңыз 11] әдебиет негізінде құрастырылған

Сонымен қатар, республикадағы ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігінің төмен деңгейі, ауыл шаруашылығы техникасының тозуының жоғары деңгейі (70%-ға дейін), технологиялардың жетілмегендігі, ауыл халқының әлеуметтік және экономикалық жағдайының нашарлауының бірден-бір айғағы [13]. Бұл жағдай ауылдық аумақтарды өркендетудің балама жолдарын дамыту керектігін айқындайды.

Жоғарыда айтылғандай, "күн және жағажай" туризмі маусымдық сипатқа ие.

Соңғы бес жылда жыл сайын үшінші тоқсанда туристік сапарлар көбірек тіркелді. Келесі орынды екінші тоқсан алады, қызмет көрсетілген келушілер санында аздаған айырмашылық бар. Бұл Маңғыстау облысындағы туризмнің маусымдық сипатқа ие екенін көрсетеді (2 сурет). Бірінші және төртінші тоқсанда қызмет көрсетілген туристер санының аздығы байқалады. Бұл көрініс жыл бойы сұранысты арттыру үшін ауылдық туризмді дамыту қажеттілігі туралы түсінік береді.



Ескерту: авторлармен [қараңыз 10] әдебиет негізінде құрастырылған
2 сурет - 2017-2022жж. Маңғыстау облысы бойынша әр тоқсанда орналастыру орындарында қызмет көрсетілген келушілер саны

Маңғыстау облысына келетін болсақ, шет елдердегі ауылдық туризмнің қалыптасу және даму тәжірибесін бағалай отырып, бүгінгі таңда облыста бұл саланың қарқынды дамуы үшін жеткілікті алғышарттар бар деген қорытынды жасауға болады.

Ауыл туризмін дамытудың ерекшелігі туристік ауыл инфрақұрылымын дамытудың жоғары қажеттілігінің болмауына байланысты. Бұл ретте ауылдық жерлерде туризмді дамытудың ең төменгі шарттары – тұрғын үйдің болуы (қонақтарды орналастыру құралдары), техникалық коммуникациялардың болуы (электр, сумен жабдықтау, канализация), отбасы мүшелерінің бір шет тілін меңгеруі, ауылдық жерлердің көліктік қолжетімділігі. Ендігі кезекте Маңғыстау облысының ауыл туризмінің ресурстарына шолу жасайық.

Халық сәулетінің дәстүрлі стилінде қосымша құрылыстары бар үйлер болып табылатын этно үйлер кең таралған. Бұл үйлерде дәстүрлі ауыл шаруашылық қызметіне, ескі әдет-ғұрыптар мен мұраларға

негізделген фермерлік шаруашылық элементтері бар. Этно үйлер мұражай экспозициясы мәртебесіне де ие болуы мүмкін. Бұл қоныс шаруашылық жүргізу мен үйлер салудың ескі тәсілдерін білдіреді. Маңғыстау облысындағы осындай көрікті жерлердің бірі – Маңғыстау ауданы Шетпе ауылында орналасқан «Көгез» этно ауылы.

«Көгез» киіз үй кемпинг этно ауылы қазақтың ұлттық салт-дәстүріне сай келеді. Шынайы киіз үй туристерге көшпенділер өміріне еніп, олардың төл мәдениетінің ерекшеліктерін танып, сезінуге мүмкіндік береді. «Көгезде» ұлттық тағамдармен қатар, еуропалық тағамдар да ұсынылатын өзінің жайлы кафесі бар. Мұнда фольклорлық кештер өтеді, онда туристер ұлттық музыкада ән айтып, би билейді. Сондай-ақ, ат ойындарын және бүркітпен аңшылықты көруге болады. Сонымен қатар, туристер киіз үй тігу, бауырсақ пен шелпек пісіру бойынша шеберлік сыныбына, сәндік-қолданбалы өнер шеберханаларына қатыса алады.

Ауылдық туризмнің келесі нысаны – Құрық ауылының маңында орналасқан түйеқұс фермасы, отбасылық демалыстарға арналған толыққанды кешен. Түйеқұс фермасы құрылған күннен бастап туристерге экскурсия жасап, оқу орындары мен жергілікті ұйымдардан ұйымдасқан топтарды қабылдайды, келушілерді ферманың құрылысымен таныстырады. Мұнда түйеқұстан басқа құстардың еті мен жұмыртқасын да сатып алуға болады.

Маңғыстау облысындағы Қаракөл көліне жыл сайын көктем мен күзде мың қызғылт қоқиқаз келеді. Мұнда Қызыл кітапқа енген құстар температураның ауытқуына байланысты қараша айының ортасына дейін қыстауының бір бөлігін өткізеді. Кейбір жұптары жоқ жас құстар осында қалады. Ақтау тұрғындары қоқиқаздарды тамашалау үшін Қаракөл көліне жиі барады. Дегенмен, инфрақұрылымның және арнайы бақылау алаңының жоқтығынан қонақтарды қабылдауға және ауыл туризмі қызметінің бір түрі ретінде экотуризмді дамытуға мүмкіндік берілмейді.

Облыста бірнеше балық шаруашылығы жұмыс істейді, онда бекіре өсіру фермасын көргісі келетіндер үшін экскурсиялар ұйымдастырылады. Қонақ үй аясында жұмыс істейтін осындай объектілердің бірінде өздерінде өсірілген, бекіреден жасалған тағамдар, сондай-ақ қара уылдырық беріледі. Бірақ сыртқы сатып алушылар үшін жаппай сатылым жүргізілмейді. Бұдан басқа, ұзындығы 1350 шақырымды құрайтын өңірде кәсіпшілік балық аулау аймақтары бар, онда адамдар квота бойынша заңды түрде балық аулай алады.

Мұнайлы ауданында жылқы шаруашылығымен 64 шаруашылық айналысады, олардың бірі – «Нұржан» шаруа қожалығында 470 бас жылқы, оның ішінде 17 араб жылқысы және 25 ағылшын жылқысы бар. Өңірде аласа, төзімді Адай жылқысын өсіру кең таралған [14]. Алайда, туристер мен жергілікті тұрғындар үшін небәрі екі ипподром жұмыс істейді. Қонақтар фотосессия өткізеді, қоршалған территорияда шегінде жылқы тебеді. Сондай-ақ, балаларға оқытуды ұсынады. Атқа мінуге арналған киім берілмейді, тамақтандыру кәсіпорындары жоқ.

Көптеген ауылдық жерлерде туризмнің дамуы аймақтың мәдени және тарихи мұрасына баса назар аударумен сипатталады. Жергілікті кәсіпкерлер ұйымдастырған джип турларда мәдени, тарихи және шытырман оқиғалы туризмді қатар алып жүруге болады.

Көлікпен Саура көліне, Жығылған жеріне, Шақпақ ата жер асты мешітіне, Қапамсай каньонына, Торыш шатқалына, Көкала түрлі-түсті саз балшық тауына, Шерқала тауына, Айрақты құлпытас алқабына, Тұзбайыр шатқалына, Бозжыра шатқалына, Боқты тауына және Сенек құмдарына баруға болады. Экскурсия жеті күнге созылады және туристер дала жағдайында ұйықтайтын қаптар мен шатырларда түнейді [15].

Өңірде ауыл шаруашылығының бір саласы – өсімдік шаруашылығы да қарқынды дамып келеді. Облыста аумағы 32,5 гектарды құрайтын 83 жылыжай жұмыс істейді. Мәселен, Қарақия ауданындағы Мұнайшы ауылында жылыжай салынып, онда Иран, Грузия, Осетия және Әзірбайжаннан келген алма, алмұрт, өрік, шие, жүзім және грек жаңғағы сынды 1 000-нан астам көшеттен жеміс ағаштары өсіріледі [16].

Бүгінгі таңда Қарақия және Мұнайлы аудандарында 50-54-ке жуық шаруашылық өсімдік шаруашылығын дамыту бойынша жұмыс істеуде. Фермаларда алма, жүзім, қызанақ, қияр, баклажан, қауын және қарбыз өсіріледі. Өнімді тұтынушылар Жетібай, Мұнайшы, Құрық және Ақтау қалаларының тұрғындары болып табылады. Бұл салада туристік қызмет дамымаған.

Қолда бар ақпарат көздеріне сүйене отырып, Джозеф Пайн мен Джеймс Гилмордың әсер ету экономикасы тұжырымдамасы арқылы Маңғыстау облысындағы ауылдық туризм қызметін төрт әсер аймағына бөліп, талдауға болады (2 кесте).

Ауыл туризмнің барлық нысандарының ішінен «Көгез» этно ауылы белсенді және пассивті тәжірибенің барлық түрлерін ұсынады, осылайша туристерге жақсы әсер қалдырады.

Түйеқұс фермасы туристер үшін шаруашылық бойынша экскурсия жүргізгенімен, келушілерді көбірек тартуға жеткіліксіз. Фермадағы барлық жануарларды хайуанаттар бағында да кездестіруге болады. Дегенмен, хайуанаттар бағында жоқ басқа тәжірибелерді ұсынуға болады, мысалы, үйдегі құстарды тамақтандыру, жұмыртқа жинау, құстардың жұмыртқадан шығуын көру, түйеқұс жұмыртқаларын, түйеқұстың қауырсынынан жасалған әйелдер қалпақтары мен желдеткіштер, түйеқұс терісінен жасалған белдіктер мен әмияндар сату, сондай-ақ түйеқұс етінен тағам ұсыну. Осындай тектес тәжірибелерді Алматы қаласынан 55 шақырым жерде орналасқан «Фауна» түйеқұс фермасы ұсынады.

Өсімдік шаруашылығына келер болсақ, шаруашылық бойынша экскурсиядан басқа, туристердің өз бетінше егін жинау жұмыстарын ұйымдастырып, оларға жәшіктер немесе қораптар ұсынуға болады. Туристер немесе жергілікті тұрғындар жинаған табиғи өнімдерді сатып ала алады. Мұндай әрекет Тайвань елінде ең танымал отбасылық ойын-сауық [17].

Сонымен қатар, әлемдік тәжірибеде ауыл туризмін дамытудың басқа да бағыттары бар, олар: ара шаруашылығы, сарымсақ өсіру, жүзім жинау, көгалдандыру, бизондарды бақылау, пальмалар отырғызу, шопандық қызмет, сиыр сауу, трюфельдерді іздеу, ферма өнімдерінен түскі ас дайындау [18]. Осы аталған ауыл туризм бағыттарын Маңғыстау облысында да баламаларын ойластырып, қолданысқа енгізуге болады.

Қорытынды.

1. Туризмнің маусымдылығына және көші-қон сальдосының көрсеткіштеріне талдау жасай отырып, Маңғыстау облысында ауыл туризмін дамыту қажеттігі анықталды. Ауыл туризмі облыстың шалғай және күйзеліске ұшыраған ауылдық аудандары үшін ауылдық қоныстарды сақтап қалуда және әлеуметтік-экономикалық дамуда маңызды рөл атқаратыны көрсетілді.

2. Ауыл туризмі тартымды болып, біраз пайда әкелу үшін бір табиғи фактор жеткіліксіз болады. Ауыл туризмін табысты дамытудың негізгі алғышарттарының бірі қызметтердің әртүрлілігі мен сапасын жақсарту арқылы тұтынушылардың қажеттіліктері мен үміттерін ақтау болып табылады.

3. Қосымша, жергілікті басшылық ауыл туризмі саласындағы кәсіпкерлерге қабілетті және білікті кадрларды тартуға, сондай-ақ ауыл өңірлерінің тұрғындары үшін кәсіптік даярлау бағдарламаларына бастамашы болуға көмектесуі тиіс. Шет тілін базалық деңгейде оқыту ауыл туризмінің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін пайдалы болар еді [қараңыз 6].

4. Сондай-ақ, мемлекет ауыл шаруашылығын жүргізуге кедергі келтіретін факторларды жою, сондай-ақ фермерлердің құқықтарын құрметтеу және қорғау, оларға жер, су сияқты өндірістік ресурстарға қол жеткізуге рұқсат беру үшін нормативтік-құқықтық база әзірлеу қажет.

5. Нәтижесінде, инфрақұрылымға, ресурстарға және білікті кадрларға ие бола отырып, ауылдық жерлерде туризмнің бірнеше бағыттарын бір мезгілде жүзеге асыруға болатындығын ескеру қажет: таным-

дық, спорттық, ойын-сауық, экологиялық, этникалық, гастрономиялық, оқиғалық және т.б.

6. Ауылдық туризмді дамытудың қазіргі кезеңінде мүдделі тараптар демалыс аймағындағы денсаулық пен гигиена деңгейіне назар аударуға тиіс. Ауылдық туризмнің бәсекеге қабілеттілігі сапалы ауыз суға, жақсартылған санитарияға, дәрігерлерге және ауруханаларға қолжетімділікті талап етеді. Пандемия жағдайына байланысты қолданыстағы нәтижелер әлеуетті туристер үшін қауіпсіздік пен жайлылық сезімін қамтамасыз ету, келушілердің тартымдылығын арттырады, мекен жайды сенімді етеді [19-20].

Әдебиеттер тізімі

[1] Ramos, D. Tourism in low density areas. A review of coastal and rural development practices. *Tourism Innovation* / D.Ramos, C.Costa, F. Teles. – New York: Routledge, 2019. – 14 p.

[2] Bento, R. Rural tourism in Portugal: moving to the countryside / R. Bento, C. Marques, A. Guedes // *Journal of Maps*. – 2022. – Vol. 18. – N. 1. – P. 79-88.

[3] Józefowicz, K. Urban tourism and Covid-19 in Poland / K. Józefowicz // *Region*. – 2021. – Vol. 8. – N. 2. – P. 187-199.

[4] Siczko, A. Principles of the experience economy in designing an agritourism product / A. Siczko, A.J. Parzonko, W. Bieńkowska-Gołasa // *Agricultural Economics*. – 2020. – Vol. 66. – N. 4. – P. 175-182.

[5] Rosalina, P.D. Rural tourism: A systematic literature review on definitions and challenges / P.D. Rosalina, K. Dupre, Y. Wang // *Journal of Hospitality and Tourism Management*. – 2021. – Vol. – 47. – P. 134–149.

[6] Сапарова, Г.К. Социально-экономические проблемы развития потребительской кооперации Казахстана в современных условиях: монография / Г.К. Сапарова. – Алматы: НИЦ «Ғылым», 2002. – 204 с.

[7] Roman, M. The Essence of Agritourism and Its Profitability during the Coronavirus (COVID-19) Pandemic / M. Roman, P. Grudzień // *Agriculture*. – 2021. – Vol. 11. – N. 5. – P.458-483.

[8] Marko, D.P. The examination of the residents' activities and dedication to the local community - an agritourism access to the subject / D.P. Marko, A. Gelbman, B.D. Demirović, S. Gagić, D. Vukovic // *Journal of the Geographical Institute Jovan Cvijic SASA*. – 2017. – Vol. 67. – P. 37-52.

[9] Alpheaus, L. Strategic Management of Tourism Stakeholders: Bakgatla-ba-Kgafela, South Africa. / L. Alpheaus, M. Potgieter // *African Journal of Hospitality, Tourism and Leisure*. – 2019. – Vol. 8. – N. 2. – P. 1–23.

[10] Pelegrin, N.E. Rural Agrotourism Development Strategies in Less Favored Areas:

The Case of Hacienda Guachinango de Trinidad / N.E. Pelegrin, A.P. Vazquez, A.N. Pelegrin // *Agriculture*.–2022.–Vol.12.–N.7.– P. 1047-1073.

[11] Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан. [Электронный ресурс]. – 2021. – URL: <https://stat.gov.kz> (дата обращения: 01.08.2022).

[12] Akimbekova, U.C. Social reconstruction of the village as the basis of agricultural strategy of the Republic of Kazakhstan / U.C. Akimbekova, U.G. Akimbekova // *Problems of AgriMarket*. – 2022. Vol. 1. – N. 1. – P. 170-177.

[13] Saginova, S.A. Ensuring Food Security in the Context of the Development of Integration Processes / S.A. Saginova, R. Abeldina, V. Biryukov, G.K. Saparova, A. Temirbulatov, S. Yssupova // *Journal of Advanced Research in Management*.– 2018.-Vol. 9.-N.5.-P. 1120-1128.

[14] EIDala.kz. Как развивают коневодство в Мангистауской области [Электронный ресурс].– 2020.– URL: <https://eldala.kz/novosti/zhivotnovodstvo/2015-kak-razvivayut-konevodstvo-v-mangistauskoy-oblasti> (дата обращения: 01.08.2022).

[15] Azimut travel. Джип тур контрасты Мангистау [Электронный ресурс]. – 2020. – URL: <https://azimut-travel.kz/dzhip-tur-kontrasty-mangistau-7-dnej> (дата обращения: 01.08.2022).

[16] EIDala.kz. В Мангистау разбили фруктовый сад [Электронный ресурс]. – 2021. – URL: <https://eldala.kz/novosti/ovoshchi-i-frukty/4643-v-mangistau-razbili-fruktovyuy-sad> (дата обращения: 01.08.2022).

[17] Hsu, C.C. Leisure farming in Taiwan: The evolution of a subset of rural tourism set apart from traditional agri-tourism / C.C. Hsu, B.A. Sandford // *e-Review of Tourism Research*. – 2018. – Vol 15. – N. 2/3. – P. 242 – 254.

[18] Мамраева, Г.Д. Мировой опыт развития сельского туризма / Г.Д. Мамраева, Н.З. Борбасова, В.Л. Ташенова // *Проблемы агрорынка*. – 2019. – N. 2. – P. 108-115.

[19] Jovanović, S. Health and hygiene importance for the improvement of tourism sector competitiveness in Serbia and the South-Eastern Europe countries / S. Jovanović, V. Janković–Milić, I. Ilić // *Procedia Economics and Finance*.– 2015.– Vol. 19.– N. 15.– P. 373-382.

[20] Esther Sri Astuti, S.A. Evaluating rural tourism competitiveness: Application of PROMETHEE-GAIA method / S.A. Esther Sri Astuti, R. Martini, B. Setiyono // *Cogent Economics and Finance*. – 2022. – Vol. 10. – N. 1. - Article 2054526.

References

[1] Ramos, D., Costa, C., Teles, F. (2019). Tourism in low density areas. A review of coastal and rural development practices. *Tourism Innovation*. New-York: Routledge, 14.

[2] Bento, R., Marques, C., Guedes, A. (2022). Rural tourism in Portugal: moving to the countryside. *Journal of Maps*, 18(1), 79-88.

[3] Józefowicz, K. (2021). Urban tourism and Covid-19 in Poland. *Region*, 8 (2), 187-199.

[4] Sieczko, A., Parzonko, A.J., Bieńkowska-Golasa, W. (2020). Principles of the experience economy in designing an agritourism product. *Agricultural Economics*, 66(4), 175-182.

[5] Rosalina, P.D., Dupre, K., Wang, Y. (2021). Rural tourism: A systematic literature review on definitions and challenges. *Journal of Hospitality and Tourism Management*, 47, 134-149.

[6] Saparova, G.K. (2002). Social'no-jekonomichekije problemy razvitiya potrebitel'skoj kooperacii Kazahstana v sovremennyh uslovijah: monografija [Socio-economic problems of the development of consumer cooperation in Kazakhstan in modern conditions: monograph]. Almaty: NIC «Gylym», 204 [in Russian].

[7] Roman, M., Grudzień, P. (2021). The Essence of Agritourism and Its Profitability during the Coronavirus (COVID-19) Pandemic. *Agriculture*, 11 (5:458), 458 – 483.

[8] Marko, D.P., Gelbman, A., Demirović, B.D., Gagić, S., Vukovic, D. (2017). The examination of the residents' activities and dedication to the local community - an agritourism access to the subject. *Journal of the Geographical Institute Jovan Cvijic SASA*, 67, 37-52.

[9] Alpheaus, L., Potgieter, M. (2019). Strategic Management of Tourism Stakeholders: Bakgatla-ba-Kgafela, South Africa. *African Journal of Hospitality, Tourism and Leisure*, 8(2), 1-23.

[10] Pelegrin, N.E., Vázquez A.P., Pelegrin A.N. (2022). Rural Agrotourism Development Strategies in Less Favored Areas: The Case of Hacienda Guachinango de Trinidad. *Agriculture*, 12 (7), 1047 – 1073.

[11] Bjuo nacional'noj statistiki Agentstva po strategicheskomu planirovaniju i reformam Respubliki Kazahstan [Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan] (2021). Available at: <https://stat.gov.kz/> (date of access: 01.08.2022) [in Russian].

[12]] Akimbekova, U.C., Akimbekova, U.G. (2022). Social reconstruction of the village as the basis of agricultural strategy of the Republic of Kazakhstan. *Problems of AgriMarket*, 1 (1), 170-177.

[13] Saginova, S.A., Abeldina, R., Biryukov, V., Saparova, G.K., Temirbulatov, A., Yssupova, S. (2018). Ensuring Food Security in the Context of the Development of Integration Processes. *Journal of Advanced Research in Management*, 9 (5), 1120-1128.

[14] Kak razvivajut konevodstvo v Mangistauskoy oblasti [How horse breeding is being developed in the Mangystau region] (2020). Available at: <https://eldala.kz/novosti/zhivotnovodstvo/2015-kak-razvivayut-konevodstvo-v>

